

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Ғылым комитетінің № 6 мәжілісінің шешімдері

Түркістан қаласы

24.02.2025 ж.

Сағат: 15:00

Өткізілген орны: Сенат залы/ онлайн **идентификатор:98807713436, пароль:280624**

Регламент: 3-5 минут

Қатысқандар:

ҒК төрайымы Ошибаева А., ҒК төрайымының орынбасары Масадиков Х., ҒК мүшелері, декан орынбасарлары, журналдардың редакторлары, «Тұран» баспахана басшысы, Кітапхана басшысы.

Күн тәртібі:

1. Жас ғалымдар кеңесінің жоспардың орындалу барысы туралы мәлімет (*Баяндамашы: Жас ғалымдар кеңесінің төрағасы Ф.Саржанов*);

2. Университет ғылыми журналдарының жалпы атқарған жұмыстары туралы мәлімет (*Қосымша №4 бойынша ұсынады*) (*Баяндамашылар: Журналдардың редакторлары, Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы А.Садықова*);

3. Әр түрлі мәселелер.

3.1 Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша 2024–2025 оқу жылының қысқы кезеңінде қабылданған докторанттардың ғылыми жетекшілері және магистранттардың ғылыми жетекшілері мен диссертация тақырыптарын Сенатқа бекітуге ұсыну (*Баяндамашы: Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау бөлімінің басшысы А. Досболов*);

3.2 Докторанттар мен магистранттардың диссертация тақырыптары мен ғылыми жетекшілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізіп, қайта бекітуге Сенатқа ұсыну (*Баяндамашы: Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау бөлімінің басшысы А. Досболов*);

3.3 Ынталы ғылыми бағыттар бойынша зерттеу жұмыстарының жетекшілерін ауыстыру мәселесі (*Баяндамашы: Экономика, басқару және құқық факультетінің деканы Ж.Акимов*).

3.4 «Ахмет Ясауи университетінде басылымдар қолжазбасын рәсімдеу» (УЕ-ХҚТУ-077-2021) Ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу (*Баяндамашы: Ғылым департамент директоры Х.Масадиков*);

3.5 «Жаратылыстану» ғылымдары, нанотехнологиялар және жаңа материалдар ғылыми-зерттеу институты, б.ғ.д., профессор Н.Аралбай дайындаған «Асыл ағаш, асыл шөп: Қазақстан флорасының жетекші тұқымдастары (табиғат зерттеушілердің, фермердің, агрономның, орманшының жұмыс кітабы) сериясы 10-томын Сенат мәжілісіне ұсыну (*Рецензенттері: М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, «Биология және география» кафедрасының доценті, б.ғ.кандидаты Х.К.Кидирбаева, Шымкент университеті, «Жаратылыстану» кафедрасының а.ш.ғ. докторы, профессор Н.Е.Айтбаев, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, б.ғ.кандидаты, доцент міндетін атқарушы Қ.Т.Абраимова (Антиплагиат қорытындысы: ҰК1 – 25,59%, ҰК2 – 18,09%, университет қаражаты есебінен)*)(*Баяндамашы: Н.Аралбай*);

3.6 «Жаратылыстану» ғылымдары, нанотехнологиялар және жаңа материалдар ғылыми-зерттеу институты, б.ғ.д., профессор Н.Аралбай дайындаған «Асыл ағаш, асыл шөп: Қазақстан флорасының жетекші тұқымдастары (табиғат зерттеушілердің, фермердің, агрономның, орманшының жұмыс кітабы) сериясы 13-томын Сенат мәжілісіне ұсыну (*Рецензенттері: Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің б.ғ.кандидаты, доцент міндетін атқарушы Р.У.Мамыкова, Аймақтық инновациялық университеті, «Биология» кафедрасының б.ғ.кандидаты Г.С.Пошаева, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, «Биология» кафедрасының б.ғ.кандидаты, доцент міндетін атқарушы А.М.Сейтметова (Антиплагиат қорытындысы: ҰК1 – 5, 09%, ҰК2 – 1,22%, университет қаражаты есебінен)*)(Баяндамашы: Н.Аралбай);

Ашық дауыс беру нәтижесінде УНИВЕРСИТЕТ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІНІҢ

ШЕШІМДЕРІ:

1. Жас ғалымдар кеңесінің жоспардың орындалу барысы туралы мәліметі келесі мәжілісте қайта қаралсын (*Жауапты: Жас ғалымдар кеңесінің төрағасы Ф.Саржанов*);

2. Университет ғылыми журналдарының жалпы атқарған жұмыстары туралы мәліметі қабылдансын (*Жауапты: Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы А.Садықова*);

3. Әр түрлі мәселелер.

3.1 Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша 2024–2025 оқу жылының қысқы кезеңінде қабылданған докторанттардың ғылыми жетекшілері 1-кестеге сәйкес және магистранттардың ғылыми жетекшілері мен диссертация тақырыптары 2-кестеге сәйкес Сенат мәжілісіне бекітуге ұсынылсын (*Жауапты: Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау бөлімінің басшысы А. Досболов*);

3.2 Докторанттар мен магистранттардың диссертация тақырыптары мен ғылыми жетекшілеріне өзгерістер мен толықтырулар 1-кестеге, 2-кестеге, 3-кестеге сәйкес енгізіліп, қайта бекітуге Сенат мәжілісіне ұсынылсын (*Жауапты: Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау бөлімінің басшысы А. Досболов*);

3.3 Ынталы ғылыми бағыттар бойынша зерттеу жұмыстарының жетекшілерін ауыстыру мәселесі бойынша Экономика, басқару және құқық факультетінің №0123РКИ0122 «Қоғамның жаңаруы мен жаңғыруы жағдайында Түркістан облысында халықтың кедейлігін жоюдың аймақтық экономикалық тұжырымдамасын қалыптастыру және жетілдіру» ынталы бағыт жобасының жетекшісі PhD, аға оқытушы С.Баймағанбетовтың қызметтен кетуіне байланысты жоба жетекшілігі Е.Сәбидоллаға ҰМҒТСО базасындағы техникалық ақаулардан ауыспауына байланысты, жоба жетекшілігі факультет деканы, PhD Ж.Акимовке ауыстырылсын (*Жауапты: Экономика, басқару және құқық факультетінің деканы Ж.Акимов*);

3.4 «Ахмет Ясауи университетінде басылымдар қолжазбасын рәсімдеу» (УЕ-ХҚТУ-077-2025) Ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, қайта бекітуге Сенат мәжілісіне ұсынылсын (*Жауапты: Ғылым департамент директоры Х.Масадиков*);

3.5 «Жаратылыстану» ғылымдары, нанотехнологиялар және жаңа материалдар ғылыми-зерттеу институты, б.ғ.д., профессор Н.Аралбай дайындаған «Асыл ағаш, асыл шөп: Қазақстан флорасының жетекші тұқымдастары (табиғат зерттеушілердің,

фермердің, агрономның, орманшының жұмыс кітабы) сериясы 10-томы (университет есебінен) баспадан шығаруға Сенат мәжілісіне ұсынылсын (Жауапты: Н.Аралбай);

3.6 «Жаратылыстану» ғылымдары, нанотехнологиялар және жаңа материалдар ғылыми-зерттеу институты, б.ғ.д., профессор Н.Аралбай дайындаған «Асыл ағаш, асыл шөп: Қазақстан флорасының жетекші тұқымдастары (табиғат зерттеушілердің, фермердің, агрономның, орманшының жұмыс кітабы) сериясы 13-томы (университет есебінен) баспадан шығаруға Сенат мәжілісіне ұсынылсын (Жауапты: Н.Аралбай).

Ғылым комитетінің төрайымы:

Мәжіліс хатшысы:



А. Ошибаева

Д. Төлегенова